

«Алматы» әлеуметтік-  
кәсіпкерлік корпорациясы»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

«Алматы» әлеуметтік-  
кәсіпкерлік корпорациясы»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі отырысының  
2023 жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттамасына \_\_\_\_  
қосымша

**«АЛМАТЫ» ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІПКЕРЛІК КОРПОРАЦИЯСЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖАУАПКЕРШІЛІК САЯСАТЫ**

ІНҚ иесі	Стратегия және корпоративтік даму департаменті
ІНҚ әзірлеуші	Стратегия және корпоративтік даму департаменті
Дананы сақтауға жауапты	ІНҚ базасының әкімшісі
Түпнұсқаны сақтау орны	ІНҚ базасы
Мониторинг және өзектендіру үшін жауапты	Стратегия және корпоративтік даму департаменті
Жаңасының қабылдануына байланысты күші жойылған құжаттар туралы мәліметтер	Жоқ
Келіспеушілік хаттамасы	Жоқ
Қосымшалар мен беттер саны	Қосымшалар жоқ, 8 беттен тұратын ІНҚ

**Алматы қаласы, 2023**

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Саясаттың негізгі бағыттары	4
3. Саясаттың қағидаттары	4-6
4. Қоғамның қызметкерлеріне, мүгедектеріне және жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне корпоративтік әлеуметтік қолдау	6-8
5. Қоғам өміріне әлеуметтік жауапты қатысу	8
6. Қорытынды ережелер	8

## 1. Жалпы ережелер

1. «Алматы» ӘКК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты (бұдан әрі – Саясат) – Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген, этикалық ұстанымдарды білдіру және этикалық және/немесе әлеуметтік-жауапты мінез-құлық тұрғысынан өзіне-өзі міндеттемелер қабылдау мақсатында қабылданатын ұзақ мерзімді, жария құжат.

2. Саясаттың басымдығы корпоративтік басқаруды жетілдіруге ықпал ететін әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу, жүйелеу, жетілдіру және іске асыру, қоғамдық проблемаларды шешуге үлес қосу, беделін арттыру және нығайту, мүдделері Қоғамның қызметіне ықпал ететін барлық тараптар: қызметкерлер, зейнеткерлер, акционерлер, мемлекет және азаматтық қоғам алдындағы жауапты мінез-құлық болып табылады.

3. Саясаттың негізгі міндеті Қоғамның өзіне қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді қамтамасыз етуі үшін оның оң имиджін қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

4. Саясатта мыналар алдында жауапкершілік мәселелері қарастырылады:

- қоғам;
- мемлекет;
- қаржы институттары және басқа контрагенттер;
- қызметкерлер.

5. Осы Саясатта қолданылатын негізгі ұғымдар, анықтамалар, қысқартулар:

1) Қайырымдылық ұйымы – «Қайырымдылық туралы» ҚР Заңына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қайырымдылықты жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым;

2) Заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

3) Материалдық емес активтер – өндірістің тиімділігі мен табыстылығына әсер етуі мүмкін және өндірістің материалдық құралдарына жатпайтын факторлардың жалпыланған атауы (адами ресурстың сапасы, басқару сапасы, іскерлік бедел және т.б.);

4) Қызметкер – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын, еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

5) Қайта құрылымдау – өткізілетін ұйымдастыру іс-шаралары барысында Қоғам қызметкерлерінің құрылымы мен санын өзгерту;

6) Әлеуметтік-жауапты қайта құрылымдау – қызметкерлерді жаппай босату, өндірістерді деллокализациялау және жабу, жұмыс орындарын қысқарту, қайта ұйымдастыру барысында қызметкерлер мен жергілікті тұрғындар үшін жағымсыз салдарларды тегістеу және өтеу жөніндегі Қоғамның күш-жігері;

7) Әлеуметтік жауапкершілік – әлеуметтік қызмет субъектісінің әлеуметтік қажеттілік, азаматтық борыш, әлеуметтік міндеттер, нормалар мен құндылықтар талаптарына саналы қатынасы, белгілі бір әлеуметтік топтар мен тұлғалар үшін, Қоғамның әлеуметтік прогресі үшін жүзеге асырылатын қызметтің салдарын түсіну;

8) Эргономика – жұмыс орнын ұтымды ұйымдастырумен айналысатын білім саласы.

## 2. Саясаттың негізгі бағыттары

6. Қоғам саясатының негізгі бағыттары:

- 1) заңнаманы мінсіз ұстану;
- 2) әлеуметтік салада мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;
- 3) мүдделі тараптардың күтулері мен пікірлерін есепке алу, олармен адал және өзара тиімді қарым-қатынастар құруға жүйелі көзқарас;
- 4) қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету (бюджетте қаражат болған кезде);
- 5) еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
- 6) қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау;
- 7) қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту үшін жағдайлар жасау;
- 8) кадрлық әлеуетті дамыту болып табылады.

### **3. Саясаттың қағидаттары**

7. Қоғам Саясатының негізгі қағидаты Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында бекітілген қағидаттардың сақталуын қамтамасыз ететін және мыналарды көздейтін әлеуметтік жауапкершілік қағидаты болып табылады:

1) қоғаммен өзара іс-қимыл саласында:

Қазақстан Республикасы экономикасының ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға жәрдемдесу;

жобаларды іске асыру өңірлерінде жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу;

адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға ұмтылады;

күпия ақпаратты қоспағанда, кез келген ақпараттың ашықтығы, әділдігі және жұртшылық үшін қолжетімділігі қағидаттарын қамтамасыз ету;

жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу.

2) адам құқықтарын сақтау саласында:

халықаралық қауымдастық жариялаған адам құқықтарының сақталуын қолдау және құрметтеу;

адам құқықтарын бұзуға өзінің қатысы болмауын қамтамасыз ету.

3) әлеуметтік қолдау және қайырымдылық саласында:

халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізу;

жеке тұлғалар мен коммерциялық емес ұйымдарға белгіленген тәртіппен материалдық, қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

4) мемлекет алдындағы жауапкершілік саласында:

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылатын жобалары шеңберінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

әлеуметтік мәселелер бойынша Қоғам мен мемлекеттің мақсаттары/мүдделерінің өзара байланысын қамтамасыз ету;

әлеуметтік мәселелер бойынша қабылданған міндеттемелердің сабақтастығы және ұзақ мерзімділігі;

Қоғам басшылығы мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүргізу (заңнамаға сәйкес);

Қоғамның мемлекеттік бюджетке салықтар мен өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерін уақтылы орындау;

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы тұру.

5) ашықтық, тұтынушылар мен іскер әріптестердің құқықтарын қорғау саласында:

іскери серіктестермен жасалған барлық шарттарды сақтау;

Қоғам қызметінің нәтижелері мен даму жоспарлары туралы ақпаратты объективті және сапалы ашу;

Қоғамның мүдделі тұлғаларының шешімдеріне ықпал етуге қабілетті елеулі оқиғалар туралы мәліметтерді уақтылы ашу;

инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салуды сақтау;

тұтынушылардың қауіпсіздігі мен қанағаттануын қамтамасыз ету.

б) еңбек қатынастары саласында:

бірлестік бостандығын қолдау және іс жүзінде ұжымдық шарттар жасасу құқығын тану;

мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтау;

балалар еңбегін толығымен жоюды жақтау;

еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтау;

қызметкерлердің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сауықтыру бағдарламаларын жүргізу және қызметкерлерді әлеуметтік қолдау (материалдық, қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек);

қызметкерлерді ынталандыруды, олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

кадр резервінің, мансаптық даму жоспарларының болуын қамтамасыз ету;

корпоративтік мәдениетті дамыту;

әлеуметтік әріптестік қағидаттарын іске асыру.

7) қоршаған ортаны қорғау саласында:

қоршаған орта жағдайына жағымсыз әсерлердің алдын алуға ықпал ету;

қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдау;

экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесу;

баламалы энергия көздерін пайдалану, энергия тұтынуды азайту және энергия тиімділігін арттыру бойынша бастамалар қабылдау.

8. Стратегиялық және экономикалық қауіпсіздік – әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешу Қоғамның стратегиялық басымдықтарымен келісілуі, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәнмәтінінде қаралуы және Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

9. Жүйелілік – әлеуметтік мәселелерді шешу Қоғамның басқару жүйесіне стратегиялық деңгейде және ағымдағы қызметті басқару жүйесіне, оның ішінде инвестициялық шешімдер жүйесіне, тәуекелдерді басқару жүйесіне біріктірілген.

10. Атаулылық – мүдделі тараптардың нақты қажеттіліктерін есепке алу, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстану кезінде нақты жағдайларға байланысты сараланған тәсіл.

11. Белсенділік – Қоғам мемлекеттік билік органдарымен, кәсіптік одақтармен, қоғамдық ұйымдармен тұрақты диалогта әлеуметтік мәселелерді шешудің заманауи тәсілдерін белсенді түрде ілгерілетеді.

12. Тиімділік – Қоғам әлемдік озық тәжірибені ескере отырып, әлеуметтік менеджменттің заманауи технологияларын пайдаланады.

13. Әділдік – кәсіби қасиеттерді объективті бағалау, адал және нәтижелі еңбекті марапаттау, қоғамның даму стратегиясын іске асыруға қосқан елеулі үлесі.

14. Адалдық – Қоғам орындай алмайтын уәделер бермейді.

15. Бастамашылдық – Қоғамның қызметі қоғамда болып жатқан кез келген оқиғаларға реакцияның нәтижесі ғана емес, сонымен бірге Қоғамның даму деңгейінің өзгеруін басқарудағы белсенді ұстанымға бағытталған, оның ең жақсы әлемдік стандарттарға жақындауына ықпал етеді.

16. Ынтымақтастық – Қоғам барлық мүдделі тараптардың мемлекеттік билік органдарымен, кәсіптік одақтармен, қоғамдық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, әлеуметтік міндеттерді шешу бойынша жұмыстағы күш-жігерін біріктіруге ұмтылады.

17. Ашықтық – Қоғам Саясатының мақсаттары, оны іске асыруды басқару жүйесі және қол жеткізілген нәтижелер қоғамдық корпоративтік құжаттарда, ресми веб-сайтта, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

18. Әлеуметтік және бедел тәуекелдерін азайту – Қоғам өзі жүргізетін барлық корпоративтік және өндірістік-техникалық қайта құрулардың әлеуметтік салдарын ескереді, оларды әлеуметтік тәуекелдерді барынша азайтатын бағдарламалармен сүйемелдейді.

#### **4. Қоғам қызметкерлеріне корпоративтік әлеуметтік қолдау**

19. Әлеуметтік жауапты қайта құрылымдау:

Қоғам өз бөлімшелерін қайта құрылымдауға әлеуметтік жауапкершілікпен қарауға міндеттенеді;

қызметкерлерді жаппай босату кезінде, заңнаманы сақтаумен қатар, босатылған қызметкерлерді мүмкіндігінше жұмысқа орналастыру бойынша барлық шараларды қабылдауға ұмтылу;

Қоғамның жұмыс орындарын қысқарту, қызметкерлерді қайта даярлауды қаржыландыру, жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлары туралы алдын ала хабардар ету.

20. Еңбекақы төлеу және еңбекті ынталандыру саясаты:

Қоғамның барлық қызметкерлері үшін еңбекақы төлеу және еңбекті ынталандыру саясатының бірлігі;

жергілікті жағдайларды ескере отырып, негізгі өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру және белгілі бір табыс беру қажеттілігін ескере отырып, заңнамалық белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшерінен асатын деңгейде барлық қызметкерлер үшін Қоғамда еңбекақы төлеудің ең төменгі кепілді деңгейін белгілеу;

қызметкердің жеке еңбек үлесін барынша толық есепке алу мақсатында тиімділікті басқару жүйесін пайдалану;

қызметкерлерге еңбекақы төлеу және еңбекті ынталандыру жүйесінің объективтілігі және оның республикалық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігі;

корпоративтік наградалармен марапаттау.

21. Оқыту:

ағымдағы және болашақ бизнес-процестерді орындау үшін өз қызметкерлерін кәсіптік даярлау мен қайта даярлаудың, олардың біліктілік деңгейін арттырудың мақсатты саясатын жүргізу;

қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру жоспарына, Қоғамның кадр резервінде тұрған қызметкерлердің жеке жоспарларына сәйкес оқыту және дамыту;

ақылы оқу демалыстарын беру.

22. Жас жұмысшыларға қатысты саясат:

жас, талантты қызметкерлерді тәрбиелеу, тарту және ұстау;

жас мамандардың мансаптық өсуі мақсатында кадр резервін құру.

23. Денсаулықты қорғау:

қызметкерлердің денсаулығын қорғауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;

еңбекті ұйымдастырудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қоғам қызметкерлерінің еңбек жағдайларына мониторинг жүргізу;

жұмыс орындарын қауіпсіз және эргономикалық ұйымдастыруды қамтамасыз ету; жүкті әйелдердің, бала емізетін аналардың, көп балалы аналардың құқықтарын мақсатты және мамандандырылған қорғауға бақылауды жүзеге асыру.

24. Сауықтыру, спорт және демалысты ұйымдастыру:

корпоративтік деңгейде қызметкерлердің бос уақытын ұйымдастыру;

қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері арасында спорттық-сауықтыру жұмыстарын жүргізу және бұқаралық спорт түрлерін дамыту, спорттық инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

корпоративтік ақпарат құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын жүйелі насихаттауды жүргізу;

мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге, 14 жасқа дейінгі қызметкерлердің балаларына жаңа жылдық сыйлықтар сатып алуға, бағалы сыйлықтар сатып алуға жыл сайын қаржы бөлу;

25. Корпоративтік әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру:

ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде қызметкерлерге медициналық көмек көрсету;

Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес мерейтойлық күндерге материалдық көмек көрсету;

некені тіркеу кезінде қызметкерлерге материалдық көмек көрсету;

жақын туысы қайтыс болған жағдайда материалдық көмек көрсету.

## **5. Қоғам өміріне әлеуметтік-жауапты қатысу**

26. Мәдениет пен спортты қолдау:

шығармашыл тұлғалар мен ұжымдарға, әр түрлі деңгейдегі спорт командаларына – ауладан ұлттық құрамаларға, балалар мен жасөспірімдер спорт ұйымдарына материалдық қолдау көрсету үшін мүмкіндіктер іздеу.

27. Қоғам мен қызметкерлердің қайырымдылық және демеушілік қызметі:

көмек көрсету үшін қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану:

жеке тұлғаларға – еңбек ардагерлеріне, мүгедектерге, жетім балаларға, өндірісте қаза тапқан Қоғам қызметкерлерінің отбасыларына, сондай-ақ табиғи апаттар салдарынан зардап шеккендерге;

қиын жағдайға тап болған әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік бюджеттік ұйымдарға – ауруханаларға, балалар үйлеріне, қарттар үйлеріне, білім беру мекемелеріне және ғылым мен мәдениет мекемелеріне;

қайырымдылық ұйымдарына;

қызметкерлердің қайырымдылық және демеушілік қызметке ерікті негізде қатысуы.

## **6. Қорытынды ережелер**

28. Қоғам осы саладағы әлемдік стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибеге бағдарлана отырып, Саясат саласында басқару жүйесін құрады.

29. Қоғамның Директорлар кеңесі Саясатты іске асырудың дәйектілігі мен тиімділігін бақылайды.

30. Әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешу Қоғамның тиісті қаржы жылына арналған бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

31. Қоғам осы салада стратегиялық басқару құралдарын – мақсатты әлеуметтік бағдарламаларды, сондай-ақ Қоғамның инвестицияларын оңтайландыруға және мүдделі тараптардың кең ауқымымен ынтымақтастық үшін платформаны қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әлеуметтік инвестицияларды басқару тетіктерін енгізу арқылы саясатты іске асыруды басқарудың тиімділігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

32. Қоғам өзінің веб-сайтында және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарында саясатты іске асыру нәтижелері туралы Қоғамға үнемі ақпарат беруге дайын екендігін растайды.

33. Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері Қоғамның өткен кезеңдегі қызметінің нәтижелерін және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы бағдарламалар мен жобаларды одан әрі дамыту мүмкіндіктерін ескере отырып, тиісті кезеңге арналған Қоғамды дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетіледі.